

Экономикалық дағдарыс жағдайында халықтың әлеуметтік осал топтарын дәрілік заттармен үздіксіз қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 10 ақпандағы N 82 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 13 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5546 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 24 қарашадағы № 151 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 24.11.2025 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Экономикалық дағдарыс жағдайында дәрілік заттармен үздіксіз қамтамасыз ету және дәрілік заттардың бағаларының өсуін тежеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары бастапқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында дәріхана ұйымдарын ашу жолымен тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз етсін және құрылған дәріхана ұйымдары арқылы дәрілік заттарды бөлу тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттар өнімін берушілермен шарт жасассын.

2. <*>

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті (С.А. Баймұқанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (А.Б. Молдағасымова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Б.Н. Садықовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Досқалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК